

"Егемен Қазақстан" республикалық газеті" акционерлік қоғамының, "Қазмедиа орталығы" басқарушы компаниясы" мен "Қазақ газеттері" жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерінің кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 16 шілдедегі № 449 қаулысы

"Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы" 1995 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы 8-бабының 4) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетімен бірлесіп, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрі Аида Ғалымқызы Балаеваны "Егемен Қазақстан" республикалық газеті" акционерлік қоғамы директорлар кеңесінің және "Қазмедиа орталығы" басқарушы компаниясы" мен "Қазақ газеттері" жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерінің байқаушы кеңестерінің құрамына сайлауды қамтамасыз етсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

А. Мамин